

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

**ҚР ЗАМАНАУИ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТТАРЫН ЖОБАЛАУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСІ (IQANAT HIGH SCHOOL of BURABAY мысалында)**

Қайыргелді Ерқанат Қайратұлы
Er.98.kz@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің сәулет мамандығы 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - С. Ш. Садыкова

Мақалада IQANAT HIGH SCHOOL of BURABAY мысалында ұлттық мектеп-интернат туралы жазылған. Мектеп-интернат-бұл бүкіл оқу бағдарламасы бойынша балалар бірге тұратын және бірге оқитын оқу орны. Оқытудың бұл форматы балаларға білім алуға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік дағдыларды дамытуға, ұжымда жұмыс істеуге және басқалармен бірге қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы заманауи мектеп-интернаттың бір мысалы - Бурабайда орналасқан Iqanat [1]. Бұл 15 пен 18 жас аралығындағы, дарынды оқушыларға арналған мектеп. Ол ағылшын тілінде білім береді, сонымен қатар ұлттық бағдарлама. Iqanat әр облыстан келген оқушыларға оқуға және бірге тұруға бірегей мүмкіндік береді. «Iqanat» мектеп-интернаты 2018 жылы құрылған. Мектеп математика мен өзге ғылыми сабақтардан бастап өнер мен спортқа дейінгі пәндердің кең ауқымын ұсынады. Сонымен қатар, мектепте оқушыларға бір-бірін жақсы түсінуге және ұлттық мәдениетімізді білуге көмектесетін түрлі іс-шаралар мен мәдени бағдарламалар өткізіледі. Iqanat өз оқушыларына оқуға және өмір сүруге жақсы жағдай жасайды. Мектепте заманауи сыныптар, зертханалар, кітапхана, спорт алаңдары, бассейн, сонымен қатар оқушылар жайлы өмір сүре алатын бөлмелер бар. Мектепте оқушыларға өз әлеуетін ашуға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін жоғары білікті мұғалімдер мен тәрбиешілер жұмыс істейді. Бұл 10-11 сынып оқушылары үшін ерекше қазақ-ағылшын high school. Бұл мектепте білім тегін. Мектептің басты тұжырымдамасы - оқушылар табиғатта өмір сүріп, спортпен шұғылдануды және қазақ тарихын зерттеуді қоса алғанда, ағылшын тілді академиялық атмосфераға 2 жылға толығымен енуі. Қор меценаттарының пікірінше, ауылдық орта білім беру сапасы мен педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі ауылдардың түлектеріне жоғары білім алу құқығын іске асыруға мүмкіндік бермейді, дегенмен Қазақстандағы барлық оқушылардың жартысынан көбі әлі де ауылдық оқу орындарында оқиды. Оқыту Қазақстанның Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік стандарттары бойынша да, қажетті ғылыми пәндерді зерделеу және жеке тұлғаны жан-жақты дамыту жөніндегі инновациялық шетелдік әдістеме бойынша да жүргізіледі. Сондай-ақ мектепте халықаралық тәжірибесі бар және шет тілдерін меңгерген мұғалімдердің, оқытушылардың тұруы мен жұмыс істеуі үшін жағдайлар қарастырылған. 20 оқушыдан тұратын әр топты тьютор – тәлімгер оқуда және жеке дамуға жүргізеді.

Тьюторлардың өмірдің әртүрлі салаларында – спортта, өнерде, бизнесте, бағдарламалауда пәндік білімі мен тәжірибесі бар. Мектептің ерекшеліктері-шынайы білім беру ортасы, үш тілде оқыту, академиялық білімді, спорт пен өнерді интеграциялау, цифрлық оқыту процесі, кәсіптік бағдарлау, жоғары оқу орындарына даярлау бағдарламасы. Бір сөзбен айтқанда, оқушылар озық формат бойынша білім алады және жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының студентінің талаптарын ескере отырып, халықаралық және қазақстандық жоғары оқу орындарына түсу үшін жоғары сапалы дайындықтан өтеді.




Сурет 1. Биіктен көрсетілген көрініс және қасбет



Сурет 2. Ішкі мектептің концептуалдық көрінісі.

Мектеп білім беру ортасының дизайнерлік сарапшыларын тарта отырып, фин технологиялары бойынша жобаланған және жайлы өмір сүру және оқу үшін қажет нәрсенің бәрі бар (Сур. 1). Жалпы ауданы шамамен 10 000 шаршы метр мектеп екі қабаттан тұрады және 200 оқушыға арналған. Өз түріне қарай жаңа мектеп жеке жатақханада тұратын күндізгі мектепке айналды. Білім беру мекемесінде заманауи оқу кабинеттері, медициналық пункт, дәріс залы, гардероб, асхана, кітапхана, тренажер залы, әкімшілік және рекреациялық аймақтар қарастырылған (Сур. 2).



Сурет 3. Ситуациялық схемасы.

Жалпы мектеп туралы айтатын болсақ, мектеп Бурабай мен Щучье қаласының маңайында орналасқан. Егер картадан қарайтын болсақ, мектеп-интернаттың оңтүстігінде 2 км Rixos отелі орналасқан (Сур. 3).




Сурет 4. Биіктіктен көрсетілген көрінісі (Анықтама)

Мектеп-интернат екі ғимараттан тұрады: мектеп пен жатақханадан тұрады. (Сур. 4) Мектептің бірінші бөлігінде акт залы, екінші ол оқу кабинеттері, үшінші лаборатория, медициналық және спорт бөлімі, төртіншіде кітапхана мен асхана. Жатақханада оқушылар мен мұғалімдер тұрады. Яғни, мұғалімдер оқушылармен бірге тұрып және бірге жыл бойы сабақ беріп тұрады. Мектептің пішініне келетін болсақ ерекше крест түріне келеді, ал жатақхана доғал пішіне келеді.



Сурет 5. Рекреациялық зона.

Мектептің концептуалдық ішкі көрінісі. Бұл суретте концептуалдық рекреациялық зона. Мектепке кірген беттен алдында осы баспалдақ болады (Сур. 5).




Сурет 6. Акт залы.

Актовый зал мен жаңағы өткен рекриациялық зона бір-біріне қарама қарсы орналасқан. Көбінесе актовый залды демалу зона ретінде қолданылады. Қоңырау кезінде немесе сабақтан тыс келім демалуға болады (Сур. 6).



Сурет 7. Асхана

Асхана 80 оқушыларға жоспарланған. Оқушылар 3 сменадан оқығандықтан, олар 1 сағатта 20 мин кезектен тамақтана алады (Сур. 7).



Сурет 8. Кітапхана мен коридор

Кітапхана екінші қабатта орналасқан (Сур. 8). Кітапхана екі бөліктен құрылған. Тыныш зона мен шулы зонадан тұрады. Осы суретте тыныш зона көрсетілген. Оқушылар көбінесе сабаққа дайындық кезінде, үй жұмысын орындаған кезде келіп дайындай алады.



Сурет 9. Кабинеттер.

Кабинеттерге келетін болсақ, олар - бір типті (Сур. 9). Егер қарапайым мектептерде тақталар тек бормен жазылса, мында келесі қабырғада тақталар фломастермен салатындай

арнайы жасалған. Парталар рет-ретімен бір қатарда орналасқан. Саны бойынша әр-түрлі комбинациямен қойылған. Және ең басты артықшылық ол әр парталардың артында ноутбукты 2 м зарядтайтын разеткалар орналақан. Разеткамен қоса интертенке қосылатын ұяшықтары болады.



Сурет 10. Жатақхана

4 балаға арналған бір бөлме (Сур. 10). Таулар мен көлге қарай қарайтындай бөлме көрінісі арнайы жобаланған. Бөлме дизайны оқушыларға жақсы көз қарасымен қаралған [2].

Сөз соңында, Іқанат мектеп-интернаты - қазіргі заманғы оқу орнының жарқын үлгісі, ол өз оқушыларына оқу мен өмір сүруге жақсы жағдай жасайды. Пәндер мен мәдени бағдарламалардың кең ауқымының арқасында оқушылар білім алып қана қоймай, әлеуметтік дағдыларды дамытып, болашақта балаларыңыз үшін керемет сый бола алатын өмірдің түрлі салаларын біле алады.

Пайдалаған әдебиеттер тізімі

1. [https:// www.iqhsb.kz/ru](https://www.iqhsb.kz/ru)
2. <https://www.youtube.com/watch?v=abEwwtJ5GE&t=956s>

УДК 72.04

ВЕКТОР РАЗВИТИЯ ПРОЦЕССА АРХИТЕКТУРНОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ

Лисин Валерий Сергеевич

Студент 3-курса бакалавр, кафедра “Архитектура”, ЕНУ им Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

valierii-lisin@mail.ru

Научный руководитель-профессор кафедры “Архитектура” Семенюк О. Н

Аннотация. На протяжении всей истории развития человечества за лучшими зданиями, сооружениями и новаторскими конструктивными решениями стоял зодчий, использовавший передовые методы и инструменты своего времени при проектировании. С развитием науки и техники развивался и сам подход к проектированию, появлялись новые возможности и приёмы, которые облегчали процесс проектирования и позволяли делать вещи, ранее невозможные в реализации. В средневековые люди не могли строить очень высокие здания как небоскрёбы, так как они не обладали техническими знаниями, которые необходимы для расчёта конструкции, и не обладали необходимой техникой и инструментами, без которых сегодня нельзя представить ни одно строительство. Также и сейчас без современного оборудования мы не сможем построить здание криволинейной формы со сложным фасадом, на котором каждая деталь индивидуальна и требует точного